

БЕКІТЕМІН

Қабылдау комиссиясының төрағасы

Басқарма Төрағасы – І.Жансүгіров

атындағы Жетісу университеті КЕ АҚ

ректоры, з.н.д., профессор

Е. Бурибаев

» 2025 ж.



Докторантураға түсушілерге арналған түсу емтиханының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы: 8D01101 – Педагогика және психология

Білім беру бағдарламалар тобы: D 001 Педагогика және психология

1. Негізгі ережелер

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасына докторантураға түсетін тұлғалар үшін жасалды (өзгерістер мен толықтырулармен №372, 26.07.2024 ж.) және «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 11 маусымдағы №30 шешімімен бекітілген.

8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау емтиханы күнтізбелік жылдың 21-25 тамыз аралығында университет базасында өткізіледі. Докторантураға қабылдау ағымдағы жылдың 28 тамызында аяқталады. Қабылдау емтиханын тапсыру күні мен уақыты, орны университет сайтында жарияланады.

Қабылдау емтиханы эссе жазудан және сұхбаттан тұрады. Қабылдау емтиханының нәтижелері 100 балдық шкала бойынша бағаланады, бұл ретте эссенің үлес салмағы 20 балды, әңгімелесудің үлес салмағы 30 балды, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан 50 балды құрайды және өткізілгеннен кейінгі күні жарияланады. Білім беру бағдарламасына түсу үшін шекті көрсеткіш 75 балл болып табылады.

2. Қабылдау емтиханының мақсаттары мен міндеттері

Қабылдау емтиханының мақсаты – талапкердің докторантураға теориялық және практикалық дайындығын, білім, білік және дағдыларының дайындық саласындағы докторантура талаптарына сәйкестік деңгейін анықтау.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламалары тобы бойынша теориялық негіздердің білім деңгейін тексеру;
- ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен қабілеттерін анықтау;
- оқу және ғылыми әдебиеттердегі тиісті ережелерге сілтемелермен жұмыс істеу қабілетін тексеру;
- ойлау мәдениетін, зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдеу қабілетін анықтау;
- кәсіби функцияларды жүзеге асыруға байланысты мақсаттар қою және міндеттерді тұжырымдау қабілетін бағалау;
- арнайы кәсіби терминология мен лексиканы меңгеру деңгейін бағалау.

3. Докторантураға түсетін тұлғалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Философия докторы (PhD) ғылыми атағын алу үшін 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалар үшін білім берудің алдыңғы ең төменгі деңгейі магистр дәрежесі болып табылады. 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасына кемінде 9 (тоғыз) ай кем емес жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар қабылданады.

8D01101 – Педагогика және психология бағдарламасы бойынша докторантураға азаматтарды қабылдау тәртібі «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережесімен Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 11 маусымдағы №30 шешімімен бекітілген.

Үміткер докторантураға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметіне дайын болуы керек. Өтініш беруші заманауи зерттеу әдістерін жетік білуі керек. Сонымен қатар, үміткер келесі ғылыми және әдістемелік дағдыларға ие болуы керек:

Білу:

(Теориялық дайындық деңгейі)

- Педагогика және психология ғылымдарының теориялық-методологиялық негіздерін терең білу;
- Ғылыми зерттеудің философиялық және әдіснамалық негіздерін меңгеру;
- Оқу-тәрбие процесінің психологиялық-педагогикалық заңдылықтары туралы кешенді білім;
- Инклюзивті, тұлғалық-бағдарланған, құзыреттілікке негізделген білім беру модельдері жөніндегі білім.

Білуі керек:

(Алынған білімді іс жүзінде қолдана білу)

- Ғылыми зерттеу жүргізудің әдістемесін дұрыс жоспарлау және ұйымдастыру;
- Білім беру процесін жобалау, педагогикалық диагностика жүргізу;
- Академиялық мәтіндер жазу (мақала, рецензия, диссертация бөлімдері т.б.);
- Шетел тілінде ғылыми ақпаратпен жұмыс істей алу (ағылшын тіліндегі ғылыми әдебиетпен жұмыс, аннотация, abstract жазу және т.б.).

Меңгеруі:

(Қалыптасқан әрекет ету тәсілдері)

- Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау және ғылыми қорытынды жасау дағдысы;
- Сандық және сапалық деректермен жұмыс істеу (SPSS, Excel, NVivo т.б.);
- Инновациялық педагогикалық технологияларды сабақ барысында қолдану;
- Сын тұрғысынан ойлау, рефлексия жүргізу және өзін-өзі бағалау дағдылары.

Келесі кәсіби дағдыларға ие болу:

(Кешенді кәсіби құзыреттілік)

- Ғылыми-педагогикалық қызметті кәсіби деңгейде жүзеге асыра алу қабілеті;
- Академиялық адалдық қағидаларын ұстану және өз бетінше ғылыми жаңалық ұсына алу құзыреттілігі;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарын халықаралық деңгейде жүргізу және өз кәсібінің кәсіби этикасын сақтау;
- Коммуникативтік, ұйымдастырушылық және көшбасшылық қабілеттерді ғылыми ортада тиімді қолдану.

4. Сұхбаттасуды бағалау талаптары мен критерийлері

Сұхбаттасу үміткердің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

Сұхбат басталар алдында емтихан комиссиясының хатшысы үміткерді комиссиямен таныстырады, сұхбаттың басталғаны туралы хабарлайды және бейнежазбаны қосады.

Үміткер камераға сәйкестендіру үшін жеке куәлік береді..

Сұхбаттың ұзақтығы 20 минутқа дейін.

Сұхбаттың бағалау – барлық комиссия мүшелерінің жинаған ұпайларының қосындысының орташа арифметикалық мәнімен есептейді.

Сұхбатты бағалау критерийлері:

№	Критерий	Дескриптор	Балл
1.	Дәйектілігі	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдей алуы. Оқуды аяқтағаннан кейінгі кәсіби және жеке өсу перспективаларын көре білуі.	6
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен	9

		тәжірибесін меңгеруі.	
3.	Креативтілік	Ойлаудың өзіндік ерекшелігі, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдерін қолдана алуы.	9
4.	Коммуникативтілік	Өз көзқарасын қысқа, көрнекі, мағыналы, дәлелді түрде жеткізе білуі, түйінді қорытынды жасай алуы Тілді меңгеру дағдысы	6
Ең жоғарғы балл			30

Сұхбат кезінде қойылатын сұрақтар үлгісі:

1. Сіз неліктен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетін таңдап отырсыз?
2. Біздің жоғарғы оқу орны сіздің кәсіби дамуыңызға қандай пайдасын тигізеді деп санайсыз?
3. Сіздің келешекте жүргізетін зерттеуіңіздің ерекшелігі, болжамды нәтижесі мен ғылымға қосатын үлесі қандай?
4. Өзіңіздің кәсіби дағдыларыңыз бен зерттеу саласындағы нәтижелеріңізді айтыңыз. Оларды докторантурада оқуда қалай пайдаланасыз?
5. Қазақ тілінің қазіргі өзгерістерін қандай тұрғыдан зерттеп көрдіңіз және бұл мәселеге қандай ғылыми көзқараспен қарайсыз?
6. Сіздің ғылыми-зерттеу жұмысыңыздың тақырыбы қандай және оны зерттеудегі басты мақсатыңыз қандай?
7. Зерттеу әдіснамасында қандай әдістерді қолданасыз? Неліктен оларды таңдадыңыз?
8. Ғылыми жұмыстарды жазу барысында қандай стиль мен құрылымды қолданасыз? Неліктен?
9. Сіз зерттеу барысында алған нәтижелерді ғылыми журналда жариялауға қалай дайын боласыз?
10. Ғылыми қауымдастықтағы өз орныңызды қалай көресіз? Халықаралық деңгейде өз зерттеуіңізді қалай насихаттайсыз?
11. Қазіргі ғылымдағы жаңа трендтер, қауіптер мен мүмкіндіктердің зерттеу жұмыстарының дамуына ықпалын бағалаңыз.
12. Ғылымның өзіңіздің жеке және кәсіби дамуыңыздағы әсері жайлы не айта аласыз?
13. Педагогиканың немесе психологияның негізгі ұғымдарын атап өтіңіз және олардың өзара байланысын түсіндіріңіз.
14. Қазіргі білім беру парадигмаларының ерекшеліктерін сипаттаңыз.
15. Жас ерекшелік психологиясы мен даму психологиясының айырмашылығы неде?
16. Құзыреттілікке негізделген оқыту дегеніміз не? Бұл тәсілдің артықшылықтарын атаңыз.
17. Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі қағидаттарын түсіндіріңіз.
18. Білім беру саласындағы қандай реформаларды қолдайсыз немесе қажет деп санайсыз?
19. Болашақта алған ғылыми дәрежеңізді қай салада пайдаланғыңыз келеді?
20. Қандай қиындықтарға дайынсыз және оларды қалай жеңесіз деп ойлайсыз?

5. Эссе түрлері мен бағалау критеріі

Эссе автордың пікірі мен пайымын айқындайтын тақырыптар және қазақ тілі мен әдебиетінің дербес ерекшеліктері, құрылымы мен жүйесі, зерттеу мәселелерін қамтитын мәселелер төңірегінде ұсынылатын болады.

Теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құра білу көрінетін аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

Эссе түрлері	Сипаттамасы	Эссе көлемі
Дәйектілігі	ғылыми-зерттеу қызметіне ынталану уәждер туралы үміткерлердің дәлелдері (research statement)	250 сөзден кем емес
Ғылыми-аналитикалық	үміткерлердің болжамды зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздеу (research proposal)	
Тақырыптық-проблемалық	пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны ұсыну	

Эссе бағалау критеріі

Критерии	Дескрипторы	Балл
Тақырыпты ашу тереңдігі	мәселе теориялық деңгейде ашылуы, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттар қолданған	4
	мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	2
Аргументтелуі, дәлелдеу базасы	дәлелдердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дейін ойлау қабілеті	6
Композициялық тұтастық және баяндау логикасы	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттерінің логикалық байланысы, қорытынды бар	4
Жазу мәдениеті	академиялық жазудың озық деңгейі көрсетілген (ғылыми терминологияны білу, лексика, грамматика, стилистика)	4
Ең жоғарғы балл		20

6. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының құрылымы мен мазмұны

Электронды емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:

Блок	Сұрақ сипаттамасы	Балл
1-сұрақ	теориялық-теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	10
2-сұрақ	практикалық-функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін анықтайды (пәндік салада әдістемелерді, технологиялар мен техниканы қолдана білу)	20
3-сұрақ	зерттелетін пәндік саланы жүйелі түсінуді, зерттеу әдіснамасы саласындағы мамандандырылған білімді (жүйелі құзыреттіліктерді) анықтайды	20
Ең жоғарғы балл		50

Емтихан сұрақтарын құрастыру кезінде Дублиндік дескрипторларға, Блум таксономиясына сәйкестігі сақталды, бұл үміткерлердің жауаптары кезінде пәндік саладағы жүйелі түсініктерін, зерттеу әдістемесі мен әдістерін білу деңгейін, идеяларды сыни тұрғыдан талдау, синтездеу және бағалау қабілетін анықтауға негіз болады.

Электронды емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарды бағалау критеріі:

Сұрақтар	Бағалау критеріі	Балл
1-сұрақ	зерттелетін пән саласының негізгі процестері туралы білімді көрсетеді; сұрақты ашу тереңдігі мен толықтығы	5
	талқыланатын мәселе бойынша жүйелі және дәйекті түрде өз пікірін білдіреді	3
	тұжырымдамалық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
	Барлығы	10
2-сұрақ	пән саласындағы мәселелерді шешу үшін әдістерді, технологияларды қолданады	8
	құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдыларға негізделген қорытындылар жасайды	7
	әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды	5
	Барлығы	20
3-сұрақ	теориялық және практикалық нұсқаулықтарды, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	8
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдіснамалық тәсілдерді синтездейді	7
	процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды	5
	Барлығы	20
Ең жоғарғы балл		50 балл

Білім беру бағдарламасы бойынша емтиханға дайындалуға арналған бағдарламалық тақырыптар жүйесі.

«ЖОО-дағы психология» пәні

1. Психологияның ғылым ретіндегі теориялық және әдіснамалық негіздері.

Жоғары кәсіптік білім беруді модернизациялаудағы психологиялық-педагогикалық ғылымдардың маңызы. Тұлғаны зерттеудегі әдіснамалық тәсілдер мен әдіснамалық принциптер. ЖОО-да оқуға тұлғалық-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдер.

2. Оқыту – ЖОО-дағы оқу қызметінің ұйымдастырушылық- ақпараттық қызметтің негізі.

ЖОО-дағы педагогикалық қызмет. Оқытудың психологиялық функциялары. Педагогикалық қызметтің жеке стилі. Университеттегі мұғалімдердің психологиялық күйзеліске тусу факторлары.

3. ЖОО-дағы оқу процесін басқару.

Жоғары мектептегі оқу процесін басқару стратегиясы. ЖОО-ның білім беру процесі субъектілерінің өзара іс-қимылы оқу қызметінің тиімділігінің негізі ретінде. Оқытуды ұйымдастыру мен басқарудың психологиялық теориялары. Тұлғаға бағытталған теориялар мен технологиялар. Ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясы. Дамытушылық оқыту теориясы.

4. Оқу процесі және оның компоненттері.

Оқу процесінің мәні, оның оқу процесін ұтымды ұйымдастырудағы маңызы. Оқу қызметінің жалпы құрылымы. Оқытудың жетекші функциялары, олардың құрылымы, оқу процесі құрылымының моделі. Оқу процесінің қозғаушы күштері. Оқу процесінің логикасы және ассимиляция процесінің құрылымы. Білім, білік және дағдыларды игерудің негізгі кезеңдері.

5. ЖОО-да білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың психологиялық тәсілдері.

Оқу жағдайын жобалау. Оқу әрекеті. Оқытудың өзара әрекеттесу формалары мен әдістері. Жоо-да табысты оқу факторлары.

Оқу міндеттерін қою және шешу арқылы оқытуды басқару. Оқу міндеттерінің құрылымы. Оқу міндеттерінің таксономиясы (Д.Толлингерова бойынша).

6. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың психологиялық негіздері.

Университеттің сандық білім беру ортасы. Онлайн оқытудың психологиялық қиындықтары. Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің оқу қиындықтарын жеңу стратегиялары. Оқытушылардың сандық құзыреттілігі. Онлайн оқытудың ерекшеліктері.

7. ЖОО-да оқытудың түрлері мен әдістері.

ЖОО-да оқыту әдісі және оқыту әдістерін жіктеу түсінігі. Оқытудың белсенді түрлері мен әдістері. Бағдарламаланған оқыту және оның ақыл-ой әрекеттерін кезең- кезеңмен қалыптастыру теориясына сәйкестігі. Бағдарламаланған оқытудың негізгі әдістемелік құралдары. Проблемалық оқыту. Ойлау оқытудың танымдық іс-әрекетінің процесі ретінде. Проблемалық жағдай жасау шарттары. Интерактивті (коммуникативтік оқыту). Оқытудың белсенді ауызша әдістері. Оқытудың көрнекі әдістері. Оқытудың эвристикалық әдістері.

8. ЖОО-дағы оқу сабақтарының түрлері.

Дәрістік оқыту түрі. Дәрістердің жіктелуі және олардың тиімділігінің психологиялық шарттары. Семинар сабақтарын өткізу әдістемесі. Бақылау-бағалау сабақтарына қойылатын ұйымдастыру мәдениеті және психологиялық талаптар. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру және тарту психологиясы.

9. Жеке тұлғаны түсіну тәсілдерінің әртүрлілігі.

Психологиядағы жеке тұлға тұжырымдамасы. Жоо-да оқытын тұлғаны зерттеу құрылымы. Жеке тұлғаны зерттеуге мәдени-тарихи көзқарас. Студент оқу іс-әрекетінің субъектісі және оқу процесін өзін-өзі ұйымдастыру субъектісі ретінде.

10. Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары және типологиясы.

Тұлғаның динамикалық құрылымы: өзін-өзі бағалау, шағымдар, сәттілік, өзін-өзі растау. Студенттердің жеке бағыттылығы және өзіндік сана-сезімі. ЖОО-дағы студенттердің ойлау және мінез-құлық стратегиялары. Студент тұлғасын дамыту және әлеуметтену

кезеңдері. Оларды игерудің нормалары мен механизмдері

11. Тәрбие процесінің психологиясы. Жалпыадамзаттық адамгершілік жеке тұлғаның қалыптасуының негізі ретінде.

Тәрбие процесі және оны университетте ұйымдастырудың психологиялық заңдылықтары. Студенттік жастағы адамгершілік тәрбие: мифтер мен шындық. Студенттік жастағы адамгершілік. Тәрбие беру және әлеуметтендіру технологиялары. Жоғары мектептегі білім беру процесін оңтайландыру факторы ретінде студент тұлғасының бейімделу әлеуетін дамыту.

12. Білім беру ортасының қауіпсіздігі.

Студенттердің мәдениаралық қарым-қатынасы. Оқитын жастар арасындағы субмәдениеттер. Зорлық-зомбылық және білім беру ұйымының білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі. Психологиялық саулықтың ерекшеліктері. Қорғаныс және күрес мінез-құлқын дамыту. Шынайы эмоциялардың білім беру ортасының қауіпсіздігіндегі рөлі. Инклюзивті білім беру кеңістігінің қауіп-қатерін психологиялық-педагогикалық қолдау.

13. Кәсіби қызметтің психологиялық ерекшеліктері.

Кәсіби қызмет субъектісінің психологиялық сипаттамасы. Кәсіби қалыптасу және бейімделу. Кәсіптік сана-сезім мен құзыреттілік. Адамдардың кәсіби өзара іс-қимылы: іскерліктер мен дағдылар.

14. Мұғалімнің коммуникативтік құзыреттілігі.

Адамдардың бір-бірін қабылдауы және түсінуі. Педагогикалық қарым-қатынас. Адамдар арасындағы қабылдаудың әсері: «жаңалық», «біріншілік», «ореол», «стереотип».

Коммуникация тиімділігі. Сезімді білдіру және өзін-өзі таныстыру мәдениеті. Жанжалды психологиялық талдау. Жанжалдың конструктивті психологиясы. Конфликтологиялық сауаттылық.

15. ЖОО-дағы тренингтік және диагностикалық қызмет.

Тренингті жобалау. Студенттерді мансапты жобалауға және бәсекелестік артықшылықтарды дамытуға үйрету. Студенттерді тиімді коммуникация мен өзара іс-қимылға үйрету. Студенттердің көшбасшылық қабілетін дамыту.

Студент жастардың жеке-типологиялық, танымдық және мінез-құлық ерекшеліктерін диагностикалау.

1. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Негізгі:

1. Психология: оқу құралы /С. Қ. Бердібаева, К. Қ. Сайлинова, Э. Т. Адилова және т.б.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2021. - 179, [1] б.
2. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б.
3. Еромасова А.А. Общая психология. Методы активного обучения: Учебное пособие для вузов. – 4-е изд, испр. и доп. – Москва: Юрайт, 2021. – 182 с. – Режим доступа: <https://urait.ru/bcode/471670> - Для авторизованных пользователей.
4. Иванников В.А. Общая психология: учебник для вузов. – Москва: Юрайт, 2021. – 480 с. – Режим доступа: <https://urait.ru/bcode/469080> - Для авторизованных пользователей.
5. Общая психология: введение в общую психологию, психология познавательных процессов: /под общ. науч. ред. Б.Н. Рыжова, Д.А. Донцова. – Москва: ФЛИНТА, 2021. – 362 с. : ил., табл. – Режим доступа: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=611384> – Для авторизованных пользователей.
6. Шапошникова Т.Е. Возрастная и педагогическая психология: учебник и практикум для вузов. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Юрайт, 2021. – 218 с. – Режим

доступа: <https://urait.ru/bcode/471609>

7. Лурия А.Р. Лекции по общей психологии. Серия «Мастер Психологии». - Изд-во «Питер», 2020. – 384 с.
8. Самойлов В.Д. Психология и педагогика высшей школы. Андрогогическая парадигма. Учебник. - М.: Юнити-Дана, 2018. – 207 с.
9. Залевский Г. В. Психология личности: фиксированные формы поведения: учебное пособие для вузов — 2-е изд. — М.: Юрайт, 2020. — 306 с.
10. Мыңбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. Туркпен-улы, Жолмухан. Основы общей и педагогической психологии: учеб.-метод. пособие для вузов – А.:Қазақ университеті, 2016.

Қосымша:

1. Жалпы психологияға кіріспе: оқу құралы / Н. Қ. Тоқсанбаева, Н. М. Садыкова, А. М. Болтаева және т.б.; жалпы ред. басқ. С. М. Жақыпов. - Толықт., 2-бас. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2021. – 294 б.
2. Мухина В. С. Возрастная психология. Феноменология развития: учебник для студентов вузов, обучающихся по специальностям "Педагогика и психология", "Психология", "Социальная педагогика", "Педагогика". - 17-е изд.. – М.: Академия, 2019. - 655с.
3. Константинов В.В. Методологические основы психологии. Учебное пособие. — М.: Юрайт. 2019. - 200 с.
4. Психология. Практикум. Учебное пособие. – 2- е изд. /Под ред. Бухаровой И.С., Бывшевой М.В.– М.:Юрайт, 2020. – 208 с.
5. Аминов И.И. Психология общения. Учебник. – Изд-во «Кнорус», 2021. – 258 с.
6. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар: монография /А. Сағынтаева, А. Мусина, А. Сулейменова және т.б.
- Нұр-Сұлтан: Назарбаев ун-ті Жоғары білім беру мектебі, 2021. - 235, [1] б.
7. Залевский Г. В. Психология личности: фиксированные формы поведения: учебное пособие для вузов — 2-е изд. — М.: Юрайт, 2020. — 306 с.
8. Рамендик Д. М. Тренинг личностного роста: учебник и практикум. — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Юрайт, 2018. — 136 с. — (Серия: Профессиональное образование).
9. Маклаков А.Г. Общая психология. Учебное пособие. – Спб.:Питер, Питер Пресс, 2017. – 582 с.
10. Игнатова Н.Ю. Образование в цифровую эпоху монография. – Нижний Тагил: НТИ (филиал) УрФУ, 2017. – 128 с.
11. Бутко Е.Ю. Инновационная деятельность по использованию мультимедиа в образовательной деятельности. – М.:Учитель, 2020. – 108 с.
12. Симонов В. Педагогика и психология высшей школы. Инновационный курс для подготовки магистров. Учебное пособие. – М.:Вузовский учебник, 2019. – 320 с.
13. Психология развития и возрастная психология: учебник и практикум для вузов / под общей редакцией Л. А. Головей. — 2-е изд., испр. — Москва: Издательство Юрайт, 2020. — 413 с.
14. Сидоренко Е. Технологии тренерской работы.- М.: Ун-т «Синергия». – 2018. – 320 с.
15. Психология. Учебник и практикум для СПО / под общ. ред. А.С. Обухова. — М.: Юрайт. 2019.- 404 с.
16. Гримак Л.П. Психология активности человека: психологические механизмы и приемы саморегуляции. М.:Либроком, 2018.- 366 с.
17. Леонов Н.И. Психология общения. – М.:Юрайт, 2020. – 193 с.
18. Фалей М.В. Педагогическое общение: учебное пособие / М. В. Фалей. –

Южно-Сахалинск: изд-во СахГУ, 2014 – 116 с.

19. Психология: учебное пособие/ Отв.редак. Е.В.Казакова, М.В.Корехова, Э.В.Леус. – Архангельск: Изд-во «РАО», 2018. – 237 с.

20. Психология и педагогика. Учебник / ред. Пидкасистый П. И. М.: Юрайт, 2019.- 736 с.

21. Самоукина Н. Психология профессиональной деятельности. 2-изд. - СПб: Питер, 2003. - 224 с: ил. - (Серия «Учебное пособие»).

22. Бермус А. Г. Практическая педагогика. Учебное пособие. М.: Юрайт, 2020.- 128 с.

23. Немов Р. С. Психология: учебник для студентов высших педагогических учебных заведений : в 3 книгах. Книга 1. Общие основы психологии. - 6-е изд. - Москва : ВЛАДОС, 2020. - 687 с.

24. Психология труда: учебник для вузов/ Под ред. Климова Е.А., Носковой О.Г. – М.: Изд-во «Юрайт», 2020. - 249 с.

25. Василюк Ф.Е., Зинченко В.П., Мещеряков Б.Г., Петровский В.А., Пружинин Б.И., Щедрина Т.Г. Методология психологии: проблемы и перспективы. Монография. - М.: «Центр гуманитарных инициатив», 2018. -528 с.

26. Әл-Фараби педагогикасы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2021. - 161, [1] б. - Библиогр.: 157-160 б.

«Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау» пәні

1. Жоғары мектептің ғылыми қызметінің тарихы.

Жоғары мектеп қызметінің әлемдік және кеңестік тарихы. Жоғары мектептің ғылыми қызметінің қазақстандық тәжірибесі. Қазақстан ғылымының дамуын кезеңдері. Қоғамдағы ғылымның функциялары. Ғылыми зерттеулердің типологиясы.

2. Қазіргі әлемдегі ғылымның рөлі.

Қазақстандағы ғылымның даму тарихы. Қазіргі заманғы қоғамды жаңғыртудағы ғылым мен ғылымды қажетсінетін технологиялардың рөлі. Технологиялық құрылымдар. Технологияның, инновацияның өмірлік циклі. Экономиканың инновациялық дамуы. Іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер. Қазақстандағы ғылымның даму тарихы.

3. Қазақстан ғылымының нормативтік-құқықтық базасы.

Қазақстан ғылымының нормативтік-құқықтық базасы. Зияткерлік меншік объектілері. Қазақстан Республикасының Ғылым туралы заңнамасы. ҚР "Ғылым туралы" Заңы. "Инновациялық қызмет туралы" ҚР Заңы. Зияткерлік меншік құқығы туралы ҚР Азаматтық кодексі. ҚР Патенттік заңы. ҚР зияткерлік меншік объектілеріне өтінім беру қағидалары (педагогтар мен психологтар үшін - монография, оқулық, оқу құралы, электрондық оқулық, оқыту бағдарламасы және т.б.).

4. ҚР және шет елдердегі ғылыми зерттеулерді басқару.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатының принциптері мен басымдықтары. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы басымдықтар. ҚР ғылымды басқару құрылымы. АҚШ, Жапония, Франция, Германия, Ұлыбритания, Ресей, Қытайдағы ғылымның жай-күйінің заңнамасы, тарихы, қысқаша сипаттамасы.

5. Халықаралық ғылыми-педагогикалық ынтымақтастық.

ҚР және шетелдерде ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жүйесі. Халықаралық ғылыми-педагогикалық ынтымақтастық. Әлемнің әр түрлі елдерінің ғалымдарының ғылыми-педагогикалық білімінің формалары. Халықаралық қорлар мен гранттар бойынша ғылыми-ақпараттық қызмет. Халықаралық қорлар мен бағдарламалар бойынша мәліметтер базасы. Қазақстандағы халықаралық қорлар мен ұйымдардың өкілдіктері.

6. ҚР және шетелдерде ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жүйесі.

Ғылыми дәрежелердің пайда болу және даму тарихы. ҚР ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жүйесін ұйымдастыру. ҚР-да және дамыған шет елдерде ғылыми кадрларды даярлаудың заманауи жүйесі мен сатылары. Шет елдерде ғылыми кадрлар даярлауды ұйымдастыру. Шет елдерде ғылыми кадрлар даярлауды ұйымдастыру: PhD, Doctor of Science, Full Professor және т. б.

7. Ғылымның даму заңдылықтары.

Ғылым дамуының жалпы заңдылықтары. Ғылыми ақпараттың өсу, шашырау және азаю заңдары. П. Верхюльстін өсудің баяулау Заңы. А. Сен-Симонның серпінді өсу заңы. Ғылыми ақпараттың шашырау заңдылығы.

8. Педагог-ғалым этикасы.

Ғалым ретіндегі оқытушының мінез-құлқын моральдық нормалар-реттеуі. Ғылыми ұжымдағы қарым-қатынастың моральдық-психологиялық мәселелері. Ғылыми қызметкердің, ғалым-педагогтың кодексі. Ғылыми этикеттің нормалары мен принциптері.

9. Педагогтың әдістемелік және ғылыми-зерттеу мәдениеті.

Педагогтың ғылыми-зерттеу мәдениетінің құрылымы. Ғылыми-зерттеу мәдениетінің аксиологиялық компоненті. Ғылыми-зерттеу мәдениетінің технологиялық компоненті. Ғылыми-зерттеу мәдениетінің тұлғалық-шығармашылық компоненті. Педагогтың зерттеуші ретіндегі әдістемелік мәдениеті мен құзыреті.

10. Педагог-ғалымның этикасы.

Педагогтың ғалым ретіндегі мінез-құлқын реттеу моральдық нормалары. Ғылыми ұжымдағы қарым-қатынастың моральдық-психологиялық мәселелері. Ғылыми қызметкердің, ғалым-педагогтың кодексі. Ғылыми этикеттің нормалары мен принциптері.

11. Ғалымның және ғалымдар ұжымының жұмысын жоспарлау.

Ғалымның шығармашылық тұлғасы, ғылыми және шығармашылық қызметінің ерекшеліктері. Ғылыми ұжымдардың түрлері. Ғылыми қызметкерлерді ынталандыру. Ғылыми ұйымдағы оңтайлы жұмыс режимі.

12. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің түрлері. Педагогикалық ғылымның құрылымы және түрлері.

Ғылыми мамандықтар номенклатурасы. Педагогикалық ғылымның құрылымы және ғылыми-педагогикалық зерттеулердің түрлері. Мамандықтар жіктеуішінің ғылыми мамандықтар номенклатурасына сәйкестігі.

Зерттеудің әдістемелік аппараты. Зерттеудің әдіснамалық параметрлері. Ғылыми-педагогикалық зерттеудегі гипотезаның рөлі. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің жетекші идеясы.

13. Педагогикалық зерттеу әдіснамасының ерекшелігі.

Педагогикалық зерттеу әдіснамасының ерекшелігі. Педагогиканың классикалық және заманауи әдіснамалық принциптері. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің ғылыми аппараты.

14. Педагогикалық тәжірибе.

Педагогикалық тәжірибенің эксперименттердің түрлері. Педагогикалық тәжірибенің кезеңдері. Педагогикалық тәжірибе эксперимент нысандары.

"Зерттеу әдістері" миға шабуыл. Әдістерді жіктеу түсінігі. Жіктеу критерийлері. Жіктеу және типология: қауымдастық және айырмашылық. Зерттеу әдістерінің дәстүрлі жіктелуі. Әр түрлі негіздер бойынша педагогикалық зерттеу әдістерін жіктеу (Ю.К. Бабанский бойынша). педагогикалық зерттеу әдістерін таңдауға қойылатын талаптар.

15. Ғылыми әдебиеттерді зерттеу технологиясы.

Ғылыми қызметтің жалпы технологиялары. Ғылыми ақпарат көздерінің түрлері. Оқу немесе ғылыми мәтінді оқыту технологиялары. Ғылыми мәтіндерді жазу технологиясы. Ғылыми сөз сөйлеу технологиясы.

1. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Негізгі:

1. Законы РК: «Об образовании», 2007; «О науке», 2011; Концепция о государственной научно-технической политике РК, 2001.
2. Мынбаева А.К. Организация и планирование научных исследований (в области педагогики и образования): учебное пособие для магистратуры. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 300 с.
3. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. – М.: Педагогика. – 150 с.
4. Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. – М.: Педагогика, 1992. – 192 с.
5. Корюкова А.А., Дера Е.Г. Основы научно-технической информации. - М.: Высшая школа. 1985. – 224 с. 5. Кембаев Б.А., Комлев Ю.В. Системы научно-технической деятельности в зарубежных странах: Аналит.обзор. – Алматы, КазгосИНТИ, 1996. - 42с.

Қосымша:

1. Мынбаева А.К. История, теории и технологии научной деятельности высшей школы: Монография.-Алматы, 2010. -256 с.
2. Шкляр М.Ф. Основы научных исследований. УП.-М.: Изд. дом «Дашков и К», 2008. – 243с.
3. Тихонов В.А., Корнев Н.В., Верона В.А., Остроухов В.В. Основы научных исследований: теория и практика. СПб.: Гелиос АРВ, 2006.
4. Öchsner, Andreas (2013), "Types of Scientific Publications", Introduction to Scientific Publishing, SpringerBriefs in Applied Sciences and Technology, Springer Berlin Heidelberg, pp. 9–21, doi:10.1007/978-3-642-38646-6_3, ISBN 9783642386459
5. Mogull, Scott A. (2017). Scientific And Medical Communication: A Guide For Effective Practice. New York: Routledge. ISBN 9781138842557.
6. D. Mavinic (2006). "The "Art" of Plagiarism". Canadian Journal of Civil Engineering. 33 (3): iii–vi. doi:10.1139/106-901.
7. "Publication Ethical Standards: Guidelines and Procedures". AIAA Journal. 45 (8): 1794. 2007. Bibcode:2007AIAAJ..45.1794.. doi:10.2514/1.32639.

«ЖОО-да педагогикалық пәндерді оқыту» пәні

1. Жоғары мектеп педагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері

Педагогика ғылымының ЖОО деңгейіндегі ерекшеліктері. Жоғары білім беру философиясы, парадигмалары мен бағыттары. Жоғары мектеп педагогикасының негізгі категориялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, білім беру. Педагогикалық ғылымның әдіснамалық деңгейлері және әдіснамалық тәсілдері.

2. ЖОО-дағы педагогикалық білім беру жүйесі

Жоғары білім беруді модернизациялау үдерістері. Болон үдерісі және кредиттік оқыту технологиясы. Жоғары білім беру мазмұнын жаңарту бағыттары. Құзыреттілік тәсіл және нәтижеге бағытталған білім беру.

3. Педагогикалық пәндерді оқытудағы заманауи тәсілдер

Педагогикалық пәндердің мазмұны мен құрылымы. Жоғары мектептегі оқытудың дидактикалық принциптері. Педагогикалық пәндерді оқытуда тұлғалық-бағдарлы, әрекеттік, конструктивистік тәсілдер. Когнитивтік, әлеуметтік-мәдени, трансдисциплинарлық тәсілдер.

4. Оқытудың мазмұны мен технологиялары

Жоғары мектептегі білім беру мазмұнының құрылымы. Оқыту технологиялары: дәстүрлі, дамытушы, интерактивті, цифрлық. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. Инновациялық оқыту құралдары (мультимедиа, LMS, MOOCs).

5. Оқытудың әдістері мен формалары

ЖОО-дағы оқыту әдістерін жіктеу. Белсенді және интерактивті әдістер: кейс-стади, дебат, тренинг, пікірталас. Дәріс, семинар, практикалық, зертханалық сабақтар. Онлайн, гибриді, аралас форматтағы оқыту.

6. Оқу нәтижелерін бағалау және рефлексия

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері. Формациялық және суммативтік бағалау. Рубрикалар, портфолио, өзіндік және өзара бағалау. Рефлексиялық дағдыларды қалыптастыру.

7. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі

Педагогикалық шеберлік және кәсіби этика. Оқытушының коммуникативтік, әдістемелік және зерттеушілік құзыреттілігі. Мұғалімнің эмоционалды интеллекті және күйзеліске төзімділігі. ЖОО оқытушысының кәсіби дамуы.

8. Білім алушылардың оқу үдерісін ұйымдастыру

Білім алушыны оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде дамыту. Студенттің оқу мотивациясы мен өзін-өзі реттеу дағдылары. Оқу тапсырмаларының таксономиясы (Блум, Толлингера). Жеке және топтық оқу формалары.

9. Инклюзивті және көпмәдени білім беру

Инклюзивті білім беру принциптері. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар студенттерге қолдау көрсету. Көпмәдени ортадағы білім беру және интеркультурализм. Этнопедагогика және гуманистік тәсіл.

10. Жоғары білім беру кеңістігіндегі цифрлық трансформация

Цифрлық педагогика ұғымы. Цифрлық білім беру платформалары. Оқытушылар мен студенттердің цифрлық құзыреттілігі. Қашықтықтан оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері.

11. Педагогикалық пәндерді оқытуда ғылыми-зерттеу компоненті

Оқытудың зерттеу негізділігі. Ғылыми ізденіс мәдениеті. ЖОО студенттерінің ғылыми-зерттеу әрекетін ұйымдастыру. Педагогикалық зерттеудің түрлері мен әдістері.

12. Тәрбие жұмысы және университеттің тәрбиелік миссиясы

Жоғары білім беру жүйесіндегі тәрбие жұмысының мазмұны. Құндылықтық бағдар, азаматтық және патриоттық тәрбие. Студенттік өзін-өзі басқару және тәрбие қызметінің формалары. Білім беру ортасының тәрбиелік әлеуеті.

13. Оқытушы мен студенттің өзара іс-әрекеті

Педагогикалық қарым-қатынас және кері байланыс. Қарым-қатынастың стилі мен мәдениеті. Оқу ортасындағы психологиялық климат. Конфликтілерді шешу және коммуникативтік дағдылар.

14. Педагогикалық пәндерді оқытудағы тренингтер мен жобалау әдістері

Педагогикалық тренингтер: типтері мен құрылымы. Педагогикалық жобалау және оның кезеңдері. Практикалық сабақтар мен тренинг жүргізу дағдылары. Топтық жұмыс және фасилитация.

15. Жоғары білім берудің болашағы және трендтері

21 ғасыр дағдылары. Бейіндік білім беру және микрокредиттер. Жоғары білім берудің жаһандануы. ЖОО-да өмір бойы білім алу (lifelong learning) идеологиясы.

1. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Мыңбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. *Жоғары мектеп педагогикасы негіздері*. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.

2. Самойлов В.Д. *Психология и педагогика высшей школы. Андрогогическая парадигма.* – М.: Юнити-Дана, 2018.
 3. Беспалько В.П. *Слагаемые педагогической технологии.* – М., 2004.
 4. Шапошникова Т.Е. *Возрастная и педагогическая психология.* – М.: Юрайт, 2021.
 5. Жүнісбек Ә. *Ұстаздық еткен жалықпас...* – Алматы: Білім, 2019.
- Қосымша:**
1. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу / Сағынтаева А., Мусина А., Сулейменова А. – Нұр-Сұлтан: Назарбаев университеті, 2021.
 2. Константинов В.В. *Методологические основы педагогики.* – М.: Юрайт, 2020.
 3. Симонов В. *Педагогика и психология высшей школы.* – М.: Вузовский учебник, 2019.
 4. Ермолаева М.В. *Цифровая педагогика.* – СПб.: Питер, 2020.
 5. Сластенин В.А. *Педагогика: учебное пособие для вузов.* – М.: Академия, 2019.
 6. Рамендик Д.М. *Тренинг личностного роста.* – М.: Юрайт, 2018.
 7. Маклаков А.Г. *Общая психология.* – СПб.: Питер, 2017.
 8. Әл-Фараби педагогикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.

**Педагогика және психология
Кафедрасының меңгерушісінің**

Б. Альмухамбетова

**БББ жаңарту жобалық
Офисының жетекшісі**

М. Шмидт

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы**

Д. Солтанова

**Басқарма мүшесі – академиялық
мәселелер жөніндегі проректор**

Б. Таубаев